




АПТАП ЫСТЫҚ:

АУА РАЙЫНЫҢ АДАМҒА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Қаламызда жаздың аптап ыстығы үйреншікті құбылысқа айналғандай. Соңғы жылдары термометр бағаны +47-ден +50 градусқа дейін көтеріліп жүргені ешкімге жаңалық емес. Көптеген тұрғын үшін мұндай күндері көленке мен желдеткіш іздеу қалыпты жағдайға айналды. Күн қызуынан асфальт қызып, желдің өзі ыстық толқын болып соғады. Ал қарттар мен балалар үшін мұндай күндер қауіпті сынаққа айналды. Қоғамдық көлікте адамдардың жүзінен де шаршау байқалады. Жұмыс орындарында еңбек өнімділігі төмендеп, адам назары мен зейіні шашырап, тез шаршайды. Бірақ осындай аптап күндері көбінесе сыртқы қолайсыздықтарға ғана мән береміз: «ыстық», «ауа жетпейді», «терлеймін» деп шағымданамыз. Алайда ыстық біздің ағзамызға қалай әсер ететінін бір сәт ойлану көрдіміз бе? Күнделікті күйбең тірлікте біз бұл сұраққа көп мән бере бермейміз. Ал шын мәнінде, жоғары температураның әсері біздің денсаулығымызға, психологиялық жағдайымызға, тіпті қалтамызға дейін өз ықпалын тигізуде.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, жоғары температура адам ағзасына тікелей әрі жанама түрде зиян. Аптап ыстық кездерінде ағзаның ішкі температурасы көтеріліп, жылу соғуы (медициналық атауы – жаракаттық ыстық ұру) мүмкін. Бұл жағдайда ағзаның табиғи салқындату жүйесі – терлеу және қан айналымы баяулап, кейде мүлдем тоқтап қалады. Соның салдарынан бас айналу, тері құрғауы, жылу соғуы белгілері, ұйқысыздық пен шаршағыштық пайда болып, ағза жаракаттық дағдарысқа ұшырайды. Бұндай жағдай ең алдымен жүрек пен бүйрекке үлкен жүктеме түсіреді. Әсіресе жүрек-қан тамырлары аурулары бар адамдар үшін ыстық ауа аса қауіпті – оларда асқинулар мен жүрек талмасы қауіпі бірнеше есе артады. «Гарвард Денсаулық басшылығы» сайтында келтірілген зерттеулер нәтижесіне сүйенсек, ауа температурасы 12°C-тан 33°C-қа көтерілгенде инсульт қаупі екі еседен аса артады. Себебі жоғары температура кезінде қан қоюланып, бұл өз кезегінде қан ұюына алып келеді. Сонымен қатар ыстық ауа райы денедегі сұйықтықтың жетіспеушілігіне әкеледі. Соның нәтижесінде адамдарда бас ауруы, бұлшықет тартылуы, жүрек айнуы секілді белгілер жиі байқалады. Далада ұзақ уақыт жұмыс істеу немесе спортпен айналысу кезінде бұл белгілер күшейіп, ауыр жағдайларда инсультке немесе жүрек талмасына әкелуі мүмкін.

2-БЕТТЕ



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

17 маусым
сейсенбі

№44 (2157)

2025 жыл

апталығы

Биыл жыл басынан бері нысандарда 16 мыңға жуық тексеру (15 996) жүргізіліп, нәтижесінде 105 мыңнан астам заңбұзушылық анықталған. Өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретін өрескел бұзушылықтар үшін 7 957 нысанның қызметі тоқтатылған, оның 95%-ы өрт қауіпсіздігі саласы бойынша. Бұл – Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметі. Жалпы, елде жұмысшыға жағдай жасалған ба? Оның жалақысынан бөлек, еңбек қауіпсіздігі өзекті мәселе. «Сақтансаң, сақтайды» деген. Жоғарыда келтірілген мәліметке сүйенсек, қауіпсіздікті сақтауда әлі де түйіні шешілмеген мәселе бар. «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында жұмысшының бар жағдайы жасалуы тиіс. Бұл еңбек адамының беделін арттыратыны сөзсіз.

10 маусымда өткен Үкімет отырысында еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде елімізде өндірісте жаракат алу деңгейі төмендегенін баяндады. Мәселен, 2025 жылдың I мамырындағы мәлімет бойынша, 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда еліміздің кәсіпорындарында өндірісте жаракат алу жағдайы 16,9%-ға төмендеген. Еңбек қауіпсіздігін сақтау уақыт талабына сай болу керек. – Адам өмірі мен денсаулығы – ең басты құндылық. Сондықтан еңбекті қорғау жүйесі жұмыс орнында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің заманауи тәсілдеріне негізделуі керек. Мемлекет басшысы кәсіпорындарда еңбек қауіпсіздігі мәселелерін шешуді нақты тапсырды. Ерте ескерту және



хабарлау жүйелері апат қаупі туындаған жағдайда жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Жазатайым оқиғаларды азайту үшін жұмыс берушілер жаракаттануға, әсіресе адам өліміне алып келетін жағдайларды болдырмайтын еңбек қауіпсіздігін, автоматтандыру мен цифрландыруды қамтамасыз етуге міндетті, – деп атап өтті Үкімет басшысы Олжас Бектенов. Сондай-ақ еңбек қорғау шараларын ұйымдастырудың бірыңғай тәсілін әзірлеу қажеттігін және бұл барлық мемлекеттік органдардың, әкімдіктер мен кәсіпорындардың бірлесіп атқаратын ауқымды жұмысына айналуы тиіс екенін атап өтті. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы жылдың I желтоқсанына дейін еңбекті қорғау

саласындағы біртұтас цифрлық экожүйені құруды қамтамасыз етуді тапсырды. Кәсіпорындарда жаракаттануға мүлдем төзбеушілік қағидатын енгізуді тапсырды. – Еңбекті қорғау мәселесінде жұмыс берушілердің өздерінің рөлі мен қатысуы өте маңызды. Жұмыс берушілердің жұмыскерлермен жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттарын жасасуын қамтамасыз ету қажет. Жалпы, кәсіпорындарда жаракаттануға мүлдем төзбеушілік қағидатын, сондай-ақ халықаралық стандарттарға сәйкес келетін кәсіби тәуекелдерді бағалау мен басқару жүйесін белсенді түрде енгізу керек, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

2-БЕТТЕ

■ СҰХБАТ

Биыл Қазақстанда мал санағы жүргізілмек. Жыл басталысымен жер-жерде төрт түліктің санына байланысты ауқымды жұмыстар басталып кеткен. Қорасында мал ұстаған ағайын түлікті асыраудан бөлек, оның жауапкершілігін де білген жөн. Біз бүгін бұл тақырыпта қалалық ветеринариялық станцияның басшысы Бауыржан Жәдігерұлымен сұхбаттасқан едік.

Бауыржан ЖӘДІГЕРОВ,
Қызылорда қалалық
ветеринариялық
станциясының басшысы:



АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ – ЕҢ МАҢЫЗДЫ ІС

– Бауыржан Жәдігерұлы, көп жағдайда станцияның жұмысын жетік білмей жатады. Әйтеуір, төрт түлікпен тығыз байланыста екені анық. Жұмыс бағытын нақтылап айтсаңыз...

– Өзіңізге белгілі ветеринария саласы адам мен жануарларға ортақ аурулардың алдын алу жұмыстарын жүргізеді. Ауыл шаруашылығы жануарларын төлдегеннен бастап, сырғалап АШЖБ ақпараттық жүйесіне енгізеді. Сырғаланған жануарларға республикамыздан аса қауіпті аурулардың алдын алу үшін ветеринариялық препараттар бөлініп, вакцинация жұмыстары жүргізеді және бруцеллез ауруына қарсы жануарлардан қан сынамалары алынып, облыстық ветеринариялық зертханаға тексеру үшін жеткізіледі. Қазір қала бойынша әрбір елді мекенде біздің мамандар бар. Ауыл халқы өздеріңізге мәлім, қорада мал ұстап, ағарғанын ішеді. Төрт түліктен нәпақасын айырып отырғандар бар. Олардың да шақыруына барып, елге қызмет етіп жүрміз.

– Аурулардың алдын алу деп қалдыңыз, қазіргі ахуал қандай?

– Бүгінде Қызылорда қаласы бойынша эпизоотиялық жағдай тұрақты. Оның үстіне, әркез біздің бақылауымызда болады. Ауыл шаруашылығы жануарлары арасында аса

қауіпті жұқпалы ауру жоқ, себебі аса қауіпті 11 түрлі ауруға қарсы алдын ала егу жұмыстары жүргізілуде. Қазак «Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» деген ғой. Алдын алуда жауапкершілікпен іс атқарсақ, оның әрбір нәтижесіз қалмайды. Бұл сала – айтуға оңай көрінгенімен, нағыз маңдайдан тер тамшылайтын еңбектің саласы.

– Адамдар арасында күн салқында тұмау, жаз басталса, іш ауруы көбейетіні белгілі. Жануарлар арасында да әр аурудың өзінің маусым уақыты бар шығар...

– Әрине, сөзіңіздің жаны бар. Әр вакцинаның егу өз уақыты болады. Мысалы, сібір жарасы ауруы бір жануарға егу жұмыстары жүргізілгеннен кейін арасындағы келесі егу жұмысы 12 айдан соң жүргізіледі. Себебі екпе егілген жануардың бойында 12 ай бойы иммунитеті сақталады. Сол тәрізді әрбір вакцина мен емдеудің, аурудың өз уақыты бар. Біз де соған сай жоспарлап, жұмыс істейміз. Қазак мұндайда «Сабақты ине сәтімен» дейді ғой. Дер кезінде емдеу, алдын алу – ең маңызды жұмыс. Мұны әрбір тұрғын да назарда ұстаса дейміз.

2-БЕТТЕ

АЛҒАШҚЫ ЖАРНАСЫЗ КӨЛІК АЛҒЫҢЫЗ КЕЛЕ МЕ?



«Алғашқы жарнасыз көлік! Арманыңдағы темір тұлпар – бүгін-ақ сенікі!» Осындай жарнама жазулары менмұндалайды. Әлеуметтік желіні ашсаң да, қала көшесін жүріп өтсең де, осы бір жағымды, тіпті арманға жетелейтін сөздер алдыңнан шығады.

Расымен де, қолыңда қомақты қаржы болмаса да, рөлге отырып, жаңа көлікке ие болу мүмкіндігі көпті қызықтырады. Бірақ өмір жолы тек асфальттан тұрмайды ғой. Кейбір жолдар шұңқыр, кейбірі тұйық. Жарқыраған мүмкіндіктің ар жағында не тұр? Бұл, шынымен, тиімді ұсыныс па, әлде қаржылық шырмауға апарар жасырын жол ма?

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2025 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!

Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялағаны белгілі. Бұл шешім – жастар үшін үлкен мүмкіндік. Еңбекқорлықты дәріптеп, кәсіби шеберлікті арттыруға, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлауға бағытталған маңызды бастама.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАУ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Осыған орай Қызылорда қалалық жастар орталығы «Жұмысшы мамандықтарды насихаттау» атты әлеуметтік жобаны іске қосты. Жоба туралы Қызылорда қаласы әкімдігінің баспасөз конференциясында қалалық жастар орталығының директоры Медет Ерданұлы Жорабек толығырақ айтып берді.

– Жобаның басты мақсаты – техникалық және кәсіптік саладағы талантты жастарды анықтау, сол салада жетістікке жеткен мамандарды қолдау және олардың азаматтық белсенділігін арттыру. Жоба аясында осы салада табысқа жеткен жастардың еңбегін көрсету және еркін форматта пікір алмасу үшін «JastarX» алаңдары құрылатын болады. Алдағы уақытта жас тігіншілер, аспаздар, дәнекерлеушілер, тас қалаушылар мен электриктер арасында байқаулар ұйымдастыру жоспарлануда. Байқауға Қызылорда қаласының 16-34 жас аралығындағы азаматтары қатыса алады. Қазіргі таңда тіркеу жұмыстары жүргізіліп жатыр, – деді Медет Ерданұлы.

Әр байқау бағыты бойынша жеңімпаздарға 150 000 теңге көлемінде жүлде қоры қарастырылған. Айта кетейік, бұл байқау қалалық жастар орталығы тарапынан үшінші мәрте ұйымдастырылуда. Жеңімпаздар мен қатысушылар қыркүйек айында өтетін «Жұмысшы мамандықтар» форумында марапатталады.

Басы 1-бетте

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ — БАСТЫ НАЗАРДА

Жалпы еңбек қауіпсіздігін қорғауда мәселе бар екені жасырын емес. Өндіріс орындарында қауіпсіздік ережелерін сақтамау салдары қайғылы оқиғамен аяқталып жатады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметі бойынша өткен жылы жазатайым оқиғалардан 1 408 адам зардап шегіп, оның ішінде 202 адам қаза тапқан. 445 мыңнан астам жұмыс орны әлі де зиянды және қауіпті ретінде жіктеледі. 15 976 азаматтың кәсіптік еңбек қабілетінің жоғалғаны анықталды, оның ішінде 8 204 адам кәсіби аурулардан және 7 771 адам өндірістік жарақаттардан зардап шеккен.

Бұл көрсеткіштер еңбек қорғау саласындағы тәсілдерді одан әрі жүйелі түрде жаңарту қажеттігін көрсетеді. Өткен жылы қауіпсіздік шараларын нығайту мақсатында еңбек тәуекелі картасы енгізілген. Бұл – өндірістік тәуекел деңгейі жоғары кәсіпорындарды автоматтандырылған режимде анықтауға мүмкіндік беретін цифрлық талдамалық құрал.

– Тәуекел картасы жарақаттану көрсеткіштері, әлеуметтік аударымдар қозғалысы, кадрлардың тұрақсыздығы, кәсіподақтардың болуы және басқа да параметрлерді қоса алғанда, 23 көрсеткішті қамтиды. Жүйе енгізілген сәттен бастап жоғары тәуекел аймағынан 3 мың кәсіпорын шығарылып, 90 мыңнан астам жұмысшы қамтылды. Жоғары тәуекел деңгейі бар кәсіпорындар саны 2 589-дан 1 799-ға дейін азайды, – дейді еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жакыпова.

Ал Төтенше жағдайлар министрі генерал-майор Шыңғыс Өрінов жыл басынан бастап тексеру нәтижесінде адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өрескел бұзушылықтар дерегімен 7957 нысанның қызметі тоқтатылғанын айтады. Тексеру барысында негізгі ереженің сақталмауы өрт автоматикасы жүйелерінің болмауы немесе дұрыс жұмыс істемеуі, оқытылмаған қызметкерлерді жұмысқа жіберу, сондай-ақ эвакуациялық шығулардың бітелуі екенін атап өтті. Сонымен қатар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласына да баса назар аударылды. Мұндай бұзушылықтарға байланысты жұмысты тоқтата тұру саны өткен жылмен салыстырғанда 4,5 есе өсті (92-ден 418-ге дейін). Тек қантардан мамырға дейін 11 апат және 60-тан астам оқиға тіркелді, салдарынан 22 қызметкер зардап шекті, 15 адам қаза тапты. Жазатайым оқиғалардың негізгі себептерінің бірі – техникалық жабдықтың тозу деңгейінің жоғары екендігі.

Басы 1-бетте



Ал аймақтағы жағдай қалай? Еңбек қауіпсіздігі қаншалықты сақталып жүр? Осы орайда облыстағы еңбек қорғау инспекциясына хабарласқан едік. Биылғы 5 айда облыста 29 жазатайым оқиға бойынша арнайы тергеп-тексеру жүргізіліп, 18 оқиға жұмыс барысында екені анықталған (ауыр жарақат алғандар саны – 17, қайтыс болғандар саны - 1). Жұмысқа қатысы жоқ оқиғалар саны – 11 (қайтыс болғандар саны - 11).

Жазатайым оқиғалардың негізгі себептері – жұмыс жүргізудің қанағаттанғысыз ұйымдастырылуынан (7 жағдай, 39%), зардап шегушінің өрескел абайсыздығы салдарынан - (8 жағдай, 45%).

Жазатайым оқиғалардың басым бөлігі мұнай-газ (4 жағдай, 23,6%), бюджеттік мекемелерде (3 жағдай, 16,7%), кіші кәсіпкерлік (3 жағдай, 16,7%), теміржол, құрылыс және ауылшаруашылығы салаларында (1 жағдайдан, 5,6%), басқа салаларда (5 жағдай, 27,7%) - орын алған.

Еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жұмыс-керлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру шарты жасамаған кәсіпорындармен жұмыс жүргізілуде. Осы мақсатта еңбек қауіпсіздігін сақтау мақсатында биылғы ақпан айында тиісті мекемелермен бірлесіп, қала және аудандарда еңбек ұжымдарымен кездесу өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Бүгінгі күнге облыстағы 2856 кәсіпорынмен жұмыс жүргізіліп, оның ішінде, 222 жұмыс беруші жұмыскерлерді жазатайым оқиғалардан сақтандыру шартын ұсынса, 1 кәсіпорынға әкімшілік айыппұл салынып, өндірілді.

Облыс әкімінің қатысуымен өткен мәжілісте бұл мәселе кеңінен талқыланды. Өңірде еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2856 кәсіпорынмен жұмыс жүргізіліп, 222 жұмыс беруші 7 мыңнан астам жұмыс-кермен жазатайым оқиғалардан сақтандыру шартын жасасты. Бүгінде облыстың 4 379 кәсіпорнындағы 139 481 жұмыскердің еңбек шарты «Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне» енгізілген. Жалпы құны 1 трлн 100 млрд теңге болатын 43 жоба «Жобалардың инновациялық навигаторы» платформасына тіркелген. Биыл қолға алынған 24 жоба аясында мердігер мекемелер мен жұмысшылар арасында еңбек шарттарының жасалуына тұрақты мониторинг жүргізіліп жатқаны да айтылды.

P.S. Бейбіт күнде аздаң жұмысқа кетіп, кешке үйіне оралмайтын жағдай немесе жарақат алып, жұмысқа жарамсыз болып қалу, жұмыс орнағанды түрлі оқыс оқиғалар, мұның бәрі еңбек қауіпсіздігінің сақталмауынан екені белгілі. Ата заңда жазылғандай, ең басты байлық – адам өмірі.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Бауыржан ЖӘДІГЕРОВ,
Қызылорда қалалық ветеринариялық станциясының басшысы:

АУРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ – ЕҢ МАҢЫЗДЫ ІС

– Қазақ «малым – жанымның, жаным – арымның салағасы» деген ел. Елдегі төрт түліктің санында өсу бар ма?

– Бұл сандарды сөйлететін сұрақ екен. Мысалы, биылғы 1 маусымдағы ақпараттық жүйеде 74,7 мың бас ауыл шаруашылығы жануарлары тіркелген. Оның ішінде 24,3 мың басы – мүйізді ірі қара, 30,9 мыңы – уақ мал, 16,2 мың басы жылқы болса, 2,7 мың басы – түйе. Сондай-ақ 411 бас шошқа тіркелген. Бұл – біздің өңір үшін аз сан емес. Айта кетейік, ауыл шаруашылығы жануарларын

сатқан кезде өздері есептен шығарады және есепке тіркейді. «Төрт түлік» бағдарламасы смартфон ұялы телефондарына жазылады. Бұл бағдарлама мал иелеріне ветеринар дәрігерлерге келмей-ақ есептен шығаруға мүмкіндік береді. Ал шыққан жануарлар ветеринар дәрігердің компьютеріне хабарлама болып түсіп тұрады.

– Әңгіме ауаны мал санына келгенде биылғы санақ ойға келеді. Дайындық қалай? Сіз басқарып отырған мекемеде жұмыс қалай жүріп жатыр?

– Биыл қала көлемінде аурудың алдын алу, эпизоотиялық тұрақтылықты сақтау мақсатында аса қауіпті 11 түрлі жұқпалы ауруларға республикалық бюджет есебінен 275 мың доза ветеринариялық препараттар қаралып отыр. Қазіргі кезде 5 айлық жоспар бойынша 95,4 мың доза ветеринариялық препараттары ауылдық округтер мен кенттер бойынша жоспарға сәйкес алдын ала егу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі күні қала бойынша эпизоотиялық жағдай тұрақты. Алайда халық арасынан қан алу, вакцина егуге қарсы болатын жағдайлар кездескен жоқ. Кездескен



бірдейлендіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп, ақпараттық жүйеге енгізіліп отыр. Қазіргі таңда 2025 жылдың 21 сәуірінен бастап ҚР АШМ ВБЖҚК-нің «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» ақпараттық жүйесінен «Төрт түлік» бағдарламасы іске қосылды. Ол мал иелері өз ауыл шаруашылығы жануарларын өздері бақылайды,

Басы 1-бетте

– Иә, өздеріңізге мәлім, биыл ауыл шаруашылығы жануарларына санақ жүргізіледі. Осыған байланысты халық арасында ағарту жұмыстары кеңінен қолға алынған. Бұл науқанға біздің де қосар үлесіміз мол екені анық.

– Ағарту жұмысы дегенде ойға түседі. Халық тарапынан кейде малына вакцина егуге, қан алуға қарсы болатындар бар. Мұндай мәселелерді қалай шешесіздер?

жағдайда ағарту, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Төрт түліктің кәдеге асатыны анық қой. Қазір халық өздері хабарласып, ауырып тұрған малын да емдетіп жатады. Елдің көзі ашық. Біздің жұмысымыз да ел игілігі жолында. Сондықтан халық біздің жұмысымызға қарсы болмайтынына сенемін.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен Дәулет ҚЫРДАН



Бүгінде қала күн өткен сайын өркендеп келеді. Демалыс орындары да көбейді. Алайда көңілге қаяу түсіретін көріністерде бар. Соның бірі – тым жақсы дүниені қирату, сындыру, бұлдіру. Кеше автобуска міндім. Орындыққа ойып тұрып атын жазған. Құрбыммен кешке қарай серуендеуге шықтық. Кешкі қала көрінісі әдемі. Самалдай жап-жарық. Скамейкаға көзім түсті. Жүрек суретін салып, қыздың есімін жазыпты. Өне бір жерде екі жас әңгіме айтып отыр. Сәлден соң әрі қарай кетті. Орнында тәтті сусын ыдысы, балмұздақ қаптамасы қалды. Дәл жанында қызық жәшігі бос тұр. Бір сөзбен айтқанда қаланың көркін бұзатындар әлі де аз емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев вандализмге туралы:

– Біз өз елімізді мақтан тұтуға тиіспіз. Мейлі ол көше, аула немесе үйлердің кіреберісі болсын – бәріне ұқыпты қарауымыз қажет. Вандалдармен табанды түрде күресу керек. Сондай-ақ олардың заң жүзінде қатаң жазаланатынын айттым. Әр нәрсенің шегі бар. Елімізде тәртіп болуы керек. Занды сақтау қажет, – деген болатын.

Расында, ортақ мүлікке ұқыппен қараған жөн. Бүгінде өңіріміз қарқынды даму үстінде. Кескін-келбеті келіскен келісті ғимараттар мен сәулеті жарасқан зәулім кешендер бой көтеруде. Демалыс орындары мен қызмет көрсету сапасы да күн санап артып келеді.

Алайда вандализм – бұлдіру мен қирату әрекеті бұл көріністерге көлеңке түсіруде. Мұндай өрескел қылмысқа барғандарды вандалдар деп атайды. Бүгінде вандализм дерті кеңінен белең алуда. Ойын алаңдары, саябақтар, аялдамалар, тіпті қоғамдық көліктердегі орындықтарға дейін шимайланып, бүлінгенін көргенде еріксіз қын-жыламыз. Кейде сындырып кетуден де тайынбайды. Тарихи ескерткіштерді қиратып кету – елімізде жиі кездесетін өкінішті жайттардың бірі. Ал вандалдарға тұсау бар ма?

Вандализммен күрестің ең тиімді жолы – тәрбие. Бұл мәселеге тек мектеп немесе құқық қорғау органдары ғана емес, ең алдымен әр отбасы жауапты болуы тиіс. Әр ата-ана баласына ортақ мүлікке, тарихи ескерткіштерге жанашырлықпен қарауды үйретуі керек. Тәрбие тек сөзбен емес, іс-әрекет арқылы беріледі. Егер ата-ана өзі көшеге қоныс тастамай, қоғамдық орындарды таза ұстаса, баласы да соған ұмтылады. Ал тәртіпті тек сырттан талап ету нәтиже бермейді.

– Вандализм – тек физикалық зақым емес, бұл – ішкі күйзеліс пен наразылықтың сыртқа шығу үдерісі. Көбіне вандализмге бейім адамдар отбасындағы жылулыққа зәру болып келеді. Сөзі еленбей, ортасында буллінгке ұшыраған жандар арасында жиі кездеседі. Мұндай әрекеттердің артында «қоғамда өз орным жоқ» деген сезім, ешкімге керек еместігін сезіну жатады. Вандализмнен арылу жолына келсек, ең алдымен мұндай адамды жазғырып, қинаудың қажеті жоқ. Бұл – агрессия деңгейін арттырады. Ең алдымен, не себепті бұл істі жасағанын анықтап алу қажет, – психолог дейді Асыл Болатқызы.

Бүгінгі жастар – ертенгі ел иесі. Ал вандализмнің құрбаны болу – жастарға жат қылмыс. Сол себепті оларды мәдени құндылықтарды қадірлеуге баулу аса маңызды. Қоғамдық жұмысқа, еріктілер қозғалысына қатыстыру, тарихи орындарды танып-білуге ынталандыру – вандализмге қарсы нақты бір қадам.

– Бос уақытты дұрыс пайдалану қажет. Жастарды қызықты үйірмелерге, спорттық секцияларға, шығармашылық орталықтарға тарту – олардың теріс әрекетке бармауына жол ашады, – дейді Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Анес Айханым.

Расында бос уақыттың көп болуы адам психологиясына да кері әсер ететінін естен шығармайық. Көше мәдениеті емес, өз мәдениетімізбен танылуға ұмтылайық.

Айдана БАХТИЯР,
Сурет автордан

АЛҒАШҚЫ ЖАРНАСЫЗ КӨЛІК АЛҒЫҢЫЗ КЕЛЕ МЕ?



Көлік—жайғанатеміремес. Ол—уақытты үнемдеу, бостандық, кейде — табыс көзі. Осыны жақсы білетін сатушылар мен несие ұйымдары елдің әлсіз тұсын дәл таба білгендей. Бүгінде елімізде көптеген автосалон мен банк «алғашқы жарнасыз» көлік сатып алудың түрлі жолдарын ұсынууда. Көлік бағасының 10-30 пайызын алдын ала төлемей-ақ, құжатын рәсімдеп, бірден иеленіп кетуге мүмкіндік бар. Жағымды, ыңғайлы, тіпті әділ көрінеді. Алайда кез келген келісімнің сыртқы жылтыры мен ішкі мазмұны екі түрлі болуы мүмкін. Алғашқы жарнасыз көлік алу кезіндегі ең бірінші ескертін жайт — несиенің толық сомасы. Себебі көлікке бір тиын төлемей-ақ иелік еткен соң, банк тәуекелді өз мойнына алмайды. Сондықтан сыйақы мөлшерлемесі жоғары болады. Бұл өз кезегінде көлік бағасын екі есеге жуық қымбаттатып жіберуі мүмкін. Мысалы, нарықта 4-5 миллион теңге тұратын көлікті жарнасыз несие арқылы алған адам өз кезегінде сол көлікке 7-8 миллион төлеп тастауы мүмкін.

Мәселенің жай-жапсарын білу үшін Қызылорда қаласындағы автосалондардың біріне сатып алушы болып барып, жағдайды көріп қайттық. Көпшілікті қызықтырып жүрген бұл мүмкіндіктің құпиясы қандай?

Салон қызметкерлерінің айтуынша, қазіргі таңда алғашқы жарнасыз ұсынылып тұрған көліктерден тек екі «Ravon Nexia R3» ғана қалған. Демек, мұндай ұсынысқа қызығушылар аз емес. Аталған көліктердің маркасы бір болғанымен, бірі толық жабдықталған, екіншісі қарапайым нұсқасы. Баға соған қарай

әріне, өзгереді. Көлікті рәсімдеу үшін ешқандай құжат керек емес екенін ашып айтты. Қолыңызда ұялы телефон және несие тарихыңыз жақсы болса жеткілікті. Яғни, рәсімдеу талаптары тым жеңілдетілген. Салон өкілінің айтуынша, «Ravon Nexia R3» көлігін 5 жыл мерзімге бөліп төлеуге болады. Кепілге көліктің өзі тұрады, төлей алмаған жағдайда көшеден тоқтатып алып кетеді. Ай сайынғы төлем 100 мыңнан 140 мың теңгеге дейін. Бес жыл бойы ай сайын осы соманы төлеу, жалпы алғанда, көлік бағасын едәуір арттыратынын аңғару қиын емес.

Алғашқы жарнасыз көлікалу былай қарасаң керемет мүмкіндік. Артық төлемсіз, бірден рөлге отырып, жолға шығу кім-кімнің арманы шығар. Алайда әрбір жеңіл жолдың өз қиындығы, әрбір ұтымды ұсыныстың өз шарттары бар. Қаржылық міндеттемені мойынға алу ертенгі күнге жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Бүгінде көлік — өмір сүру салтының бір бөлігіне айналды. Бірақ сол көлік сіздің еркіндігіңіздің кепіліне айнала ма, әлде қаржылық қысымның құралы бола ма, бұл тек өз таңдауыңызға байланысты.

Кез келген келісімшарт — жай қағаз емес. Ол — өміріңіздің келесі бірнеше жылына әсер ететін маңызды шешім. Сондықтан шын мәнінде еркін болғыңыз келсе, ақылмен қадам басыңыз. Темір тұлпарды тізгіндеу — еркіндікке апарар жол ғана емес, сонымен қатар мердіей тәртіп пен тиянақтылықты қажет ететін жауапты іс. Қаржылық сауаттылық — уақыт талабы. Ал таңдау — әрдайым өз еркіңізде.

Нұржан НҰҒЫМАДИЛЛА

Басы 1-бетте

Нұрбол АППАЗОВ, химия ғылымдарының докторы, профессор:

ХИМИЯ – ТЕК ФОРМУЛАЛАР МЕН РЕАКЦИЯЛАР ЕМЕС



Химия—тек формулалар мен реакциялар емес. Бұл—елдің экономикалық, технологиялық және экологиялық дамуына жол ашатын стратегиялық сала. Аймағымызда ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты күшейту бағытында бірқатар елеулі бастамалар қолға алынып жатыр. Бұл үдерістің алдыңғы шебінде жүрген ғалымдардың бірі, академик, химия ғылымдарының докторы, профессор Нұрбол Орынбасарұлы Аппазов. Ол заманауи ғылыми мектеп қалыптастырып, жас зерттеушілерге қолдау көрсетіп келеді. Ғалым 2018 жылдан бері Қызылорда қаласындағы №212 мектеппен жемісті жұмыс атқарып келеді. Бұл ынтымақтастықтың нәтижесінде оқушылар күрделі ғылыми жобаларға қатысып, қалалық, облыстық, республикалық деңгейде жүлделі орындарға ие болуда. Күріш қалдықтарын өңдеу, экологиялық таза материалдар жасау сынды жобалар — соның айқын дәлелі. Нұрбол Аппазовпен ғылымның келешегі, мектептермен ынтымақтастық, жас ғалымдарды қолдау және отандық химия саласының болашағы туралы сұхбаттасудың сәті түсті.

— 2018 жылдан бастап қаладағы №212 мектеппен бірлескен жұмыстарыңыз туралы айтып берсеңіз.

— 2018 жылдан бері №212 мектеппен бірлескен жұмысымыз өз нәтижесін беруде. Мен бұл мектептің оқушыларына ғылыми жетекшілік етемін. Оқушылар күріш қалдықтарын қайта өңдеу бағытында зертханалық тәжірибелер жүргізіп, тын жобалар жасау арқылы ғылымға қызығуда.

— Күріш қалдығы мен кебектелген қауыздан зертханалық жолмен қандай заттар алдыңыздар және қандай жобалар жасалдыңыздар?

— Біз күріш қауызын термиялық өңдеу арқылы белсендірілген көмір алдық. Бұл көмірді су тазалау процестерінде, әсіресе ауыр металдар мен хлорды тазартуда қолдандық. Сондай-ақ күріш қауызынан натрий силикатын және кальций силикатын шығарып, оларды суды ауыр металдардан тазартуда тиімді сорбент ретінде қолдануға болатынын дәлелдедік. Бұл көмірді су тазарту жұмыстарында кеңінен қолданып жүрміз. Мысалы, Қызылорда қаласындағы Титов пен Тасбөгеттегі биологиялық тазарту станцияларында суды тазарту мақсатында пайдаландық. Сондай-ақ күріш қауызынан натрий және кальций силикатын өндіріп, оларды суды ауыр металдардан тазартуда тиімді сорбент ретінде қолданып жатырмыз.

— Күріш сабианынан биочар жасаудың қандай пайдасы бар?

— Жобаның тағы бір бағыты — биочар (biogas) алу. Бұл көмір түрін топыраққа қосқанда топырақтың тұздылығы төмендеп, ылғалды сақтайтын қасиеті жоғарылайды, ауа өткізгіштігі жақсарады. Өсімдіктердің тамыр жүйесінің жақсы дамуына қолайлы жағдай жасалады. Сонымен қатар азотты тыңайтқыштарды топыраққа бергенде олардың тиімділігін арттырып, өсімдіктің өсуін және өнімділігін жақсартуға мүмкіндік береді.

— Целлюлозаны күріш сабианынан алудың қандай артықшылығы бар?

— Жыл сайын бізде 500 мың тонна шамасында күріш сабаны қалады. Күріш сабаны негізінен малға азық ретінде қолданылмайды, көбінесе қыста малдың астына төсейді, бірақ оның көп бөлігі пайдаланылмай қалып, өртеледі. Мұның қоршаған ортаға тигізетін зияны зор. Сондықтан біз осы күріш сабианынан лабораторияда целлюлоза алу жұмыстарын жүргіздік. Целлюлозадан Оңтүстік-Шығыс Азия елдері негізінен төмен сортты крафт қағаздарын шығарады. Біз лабораторияда ақ түсті целлюлоза өндіріп, одан офис қағазын, қағаз майлық жасау бағытында зерттеу жүргіздік.

— Бұл жоба аясында оқушылар қандай жаңа білім мен тәжірибе алды?

— Оқушылар күріш қалдықтарын химиялық және термиялық өңдеу арқылы экологиялық таза әрі пайдалы

өнім алудың нақты әдістерін үйренді. Сонымен қатар зертханалық зерттеулер арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстарының негіздерін, аналитикалық ойлау мен практикалық дағдыларды меңгерді.

— Тағы қандай мектептермен бірлескен бастамаларыңыз бар?

— Біз тек №212 мектеппен шектелмей, Қызылорда қаласындағы бірнеше білім ордасымен тығыз байланыстамыз. Бұл мектептерде де күріш қалдықтарын қайта өңдеуге бағытталған жобалар жасап, топырақтың құнарлылығын арттыруға бағытталған зерттеулер жүргіземіз.

— «Күріш қалдықтарын қайта өңдеу және олардың қолдану мүмкіндіктері» атты жобаның маңыздылығына тоқталсаңыз?

— Бұл жоба экологиялық тұрғыдан маңызды ғана емес, экономикалық жағынан да тиімді. Күріш қалдықтарын өңдеу арқылы біз целлюлоза, кремний диоксиді сияқты жоғары сапалы өнімдер алдық. Целлюлозадан қағаз, картон өндірісіне қажетті материалдар жасалса, кремний диоксиді күн энергетикасында, оптикалық құрылғылар мен жоғары технологиялық өндірістерде қолданылады. Осы арқылы біз қоршаған ортаға зиянды азайтып, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік беріп отырмыз.

— Сұхбатыңызға рахмет!

С.ХАЙРУЛЛА

Сөзін Асылзат Арыстанбек жазған «Автопортрет» энінде «Бұл өмірді жалған дейміз ғой, жалған өмір сүргім келмейді» деген жолдар бар. Осы сөздердің өзі ойға қалдырады. Әңгімені әріден бастамай, төтесінен түссек... Құрылыс жұмыстарымен айналысып қажетінді алғың кеп ағаш базарға бара қалсаңыз, көп жайтқа көзің жетеді.



КІМ КІМДІ АЛДАП ЖҮР?

— Маған ондық ағаш керек еді, — дейсің қолыңа метрлікті ұстап алып.

— Аға, сізге таза ондық керек пе? — деп демде-ақ қарсы сұрақты қабыл алуға дайын болыңыз.

Өйткені мәселенің мәні де сонда. Жалпақтығы он сантиметрлік ағаштың орнына сегіз сантиметр, ал он екіліктің орнына сәйкесінше ондық барады. Осылай арада екі сантиметр желінеді. Мұны өздеріне айтсаңыз «Бағасы қымбат болып кетеді», «Арамен кескенде ортасынан желінеді» деген тәрізді уәждерді айтады. Ал бірақ оған алушының кінәсі қандай?! Онсыз да шет аймақтардағы электр энергиясының өзіңіз жаққанға қоса ортада кеткен шығынды да халықтың қалтасын тесетін дағдысынан әрең айырып едік. Естеріңізде болар, осыдан он жылдай бұрын осындай мәселе бар еді. Сіздің есептегіш құралыңызға дейінгі жолдағы шығынды халыққа теңдей бөліп жіберетін.

Бірді айтып екіге кетеміз. Ауылдағы егістік алқаптағы жоңышқаға жыл сайын мамыр айында күрт түседі. Орайын десеңіз, оруға жарамайды. Дәл осы бағыттағы сабақтар мектептердегі жазғы балалар лагерлерінде де өтіп жатыр. Аталған жұмыстар лагерлердің жұмысы аяқталғанға дейін жалғасады.

Су айдындарындағы қауіпсіздік басты назарда болуы керек. Өңірде қауіпті деген санатқа жататын 63 аймақ тіркелген. Бүгінде мұндай нысанның әрбірін құтқарушылар жіті қадағалап отыр. Тіпті алғашқы медициналық көмек көрсетуді де үйретіп, ең бірінші қандай қадамға бару керекін халыққа түсіндіруде. Төтеншеліктер ұйымдастырған осындай іс-шараның бірі «Арай» қалалық аквапарк базасында өтті.



ҚАУІПСІЗДІК — БАСТЫ ОРЫНДА

Мұнда құтқарушылар мен медицина қызметкерлері судағы төтенше жағдайлардың алдын алу, шұғыл әрекет ету және алғашқы көмек көрсету тәсілдерін көрсетті. Мұндай сабақтар тұрғындардың қауіпсіздік мәдениетін арттыруға бағытталған. Дәл осы бағыттағы сабақтар мектептердегі жазғы балалар лагерлерінде де өтіп жатыр. Аталған жұмыстар лагерлердің жұмысы аяқталғанға дейін жалғасады.

— Сырдария өзені мен облыс аумағындағы басқа да су айдындарында азаматтардың суға кету фактілері көбіне қауіпсіздік ережелерін өрескел бұзу салдарынан орын алуда. Атап айтқанда, тұрғындардың өзендер мен каналдардың кез келген, зерттелмеген тұстарында суға түсуі, спирттік ішімдік ішіп суға шомылуы, балалардың ересектердің қарауынсыз су жағасына баруы мен жүзе

алмауы — қайғылы жағдайлардың басты себептері. Сондай-ақ соңғы жылдары ұжымдар мен оқу орындарына қарасты жастардың жаз мезгілінде табиғат аясында, өзен-көл жағасында демалыс ұйымдастыруы жиілеген. Алайда мұндай демалыстардың кейбірі өкінішке қарай қайғылы оқиғалармен аяқталатыны қынжылтады, — ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасы аға офицері Нұржігіт Бердібекулы.

Мамандар бұл ретте аянбай еңбек етіп келеді. Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өңірдегі қауіпті аймақтарға 149 ескерту тақтайшасы мен билбордтар орнатылған. Айта кету керек, жазғы маусымда облыс бойынша 8 балалар лагері жұмыс істейді. Олардың әрбірінде қауіпсіздік сақтау бағытында арнайы сабақтар өткізіліп тұрады.

«Ақмешіт-ақпарат»



«ПАЙДА ОЙЛАМА, АР ОЙЛА...»

АБАЙ
ҚҰНАНБАЕВ – 180

адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар? Ол озған, алған, жыққан өзі емес, яки баласы емес. Мұның бәрі – қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір үлкен іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландырсам екен демек.

Біреуді ызаландырмақ – шариғатта харам, шаруаға залал, ақылға теріс. Әншейін біреуді ыза қылмақтың несің дәулет біліп қуанады екен? Жо, болмаса, ана ыза болушы соншалық неге жер болып қалады екен?

Жүйрік ат – кейде ол елде, кейде бұл елде болатұғын нәрсе, қыран құс та, жүйрік ит те – кейде оның қолына, кейде мұның қолына түсетұғын нәрсе. Күшті жігіт те үнемі бір елден шыға ма. Кейде ана елден, кейде мына елден шығады. Мұның бәрін адам өз өнерімен жасаған жоқ. Бір озған, бір жыққан үнемі озып, үнемі жығып жүрмейді. Соның бәрін де біле тұрып, жерге кіргендей болып я бір арамдығы, жамандығы шыққандай несіне ұялып, қорланады екен?

Енді осылардан білсеніз болады: надан ел қуанбас нәрсеге қуанады. Һәм және қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. Һәм ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды.

Мұның бәрі – надандық, ақымдақтың әсері. Бұларын айтсаң, кейбіреуі «рас, рас» деп ұйыған болады. Оған нанба, ертен ол да әлгілердің бірі болып кетеді. Көңіл, көзі жетіп тұрса да, хайуан секілді әуелгі әдетінен бойын тоқтата алмайды, бір тиянақсыздыққа түсіп кетеді, ешкім тоқтатып, ұқтырып болмайды. Не жаманшылық болса да бір әдет етсе, қазақ ол әдетінен еріксіз қорыққанда я өлгенде тоқтайды, болмаса ақылына жеңгізіп, мұның теріс екен деп біліп, ойла-нып өздігінен тоқтаған адамды көр-мессің.

ЖИЫРМА АЛТЫНШЫ ҚАРА СӨЗ

Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, күреске түсірген балуаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгенден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Біл-меймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Әй, жоқ та шығар!

Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастың ортасында, бір хайуанның өнерінің артыл-ғанына я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар? Ол озған, алған, жыққан өзі емес, яки баласы емес. Мұның бәрі – қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір үлкен іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландырсам екен демек.

Температура жоғарылаған сайын төзім де таусыла ма?

Жоғары температура адамның психологиялық хал-ахуалына да айтарлықтай кері ықпалын тигізеді. Аппат ыстық тек терімізді ғана күйдіріп қоймай, көңіл күйімізге де қысым жасайды екен.

«American Psychiatric Association» зерттеулері бойынша ыстық күндері адамдардың көңіл-күйі айтарлықтай төмендеп, ашу-ланшақтық пен агрессия деңгейі артады. Әсіресе қоғамдық көліктерде, жолдағы көлік кептелісінде және кенселерде бұл құбылыс анық байқалады екен. Ауа температурасы артқан сайын адам ағзасы физиологиялық күйзеліске ұшырайды. Миға оттегі жеткізуі қиындай түсіп, қан айналымы нашарлайды. Мұның нәтижесінде адам өзін әлсіз, тітіркенгіш және кейде тіпті өзін агрессивті сезінеді. Психологтардың айтуынша, жоғары температура мидың эмоцияларды реттейтін аймақтарына да әсер етеді. Әсіресе қорқыныш, тез ашулану белгілері байқалып, сабыр сақтау қабілеті төмендейді. Сондықтан күн ысыған сайын адамдар арасындағы жанжал, дауласу, ұсақ-түйекке ашулану оқиғалары жиілейді. UCLA Health (Калифорния университетінің Лос-Анджелес) сайты жариялаған ақпаратқа сүйенсек, аппат ыстық ұйқының сапасын нашарлатады екен. Ауасы тар бөлмеде сапалы ұйықтау мүмкін болмайды, бұл адамның жүйкесін жұқартады, шыдамдылығын азайтады. Ұйқысыздық, физикалық және психологиялық стресс бірте-бірте күйзеліске әкеледі.

Жаһандық жылынудың салдары

«NASA» сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, 2024 жыл Жер тарихындағы ең ыстық жыл болып тіркелді. Жаһандық орташа беткі температура XX ғасырдың орташа деңгейінен 1,28°C жоғарылап, 2023 жылғы рекордтан да асып түсті. 2023 жылдың маусымынан 2024 жылдың тамызына дейін 15 ай қатарынан ай сайынғы ғаламшар температурасы тарихтағы ең жоғары көрсеткішке жетті. Осы кезеңдегі аппат ыстықтар шарықтау шегіне жетіп, 2023 жылдың шілдесі климат тарихындағы ең ыстық ай болды, шілде айының орташа температурасы бұған дейін жылдардағы шілдеден 0,24°C-қа жоғары болып, 1951-1980 жылдардағы шілде нормасынан 1,18°C артты.

Ал 2024 жылдың шілдесінде тәуліктік температура рекорды тіркелді. «NASA» деректері бойынша, 2024 жылғы 22 шілде жер тарихындағы ең ыстық күн болды, тіпті 21 және 23 шілде күндері де алдыңғы тәуліктік рекордты (2023 ж. шілдедегі) жаңартты. Мұндай рекордтар жаһандық жылынудың ұзақ мерзімді үрдісін айқын көрсетеді.

«IPCC» сайтында жарияланған «IPCC-нің климаттың өзгеруі» жөніндегі алтыншы баяндаманың дерегіне сүйенсек, адамзаттың парниктік газдар шығарындылары 1850-1900 жылдармен салыстырғанда планетаның орташа температурасын шамамен 1,1°C-қа көтерді. Ғаламшардың айтуынша, климаттың мұндай жылдам ысуы соңғы мыңжылдықтарда бұрын-соңды болмаған құбылыс. 2023 жыл қорытындысында жаһандық температура соңғы 100 мың жылдағы ең ыстық күйге жеткені хабарланды. «Corpuscular» қызметінің мәліметіне қарағанда, 2023 жыл сондай-ақ тарихта барлық күндері 1°C-тан жоғары өткен алғашқы жыл болды. Мамандардың айтуынша, парниктік

Басы 1-бетте

АПТАП ЫСТЫҚ: АУА РАЙЫНЫҢ АДАМҒА ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?



газдар концентрациясы өсе берсе, бұдан да экстремалды ауытқулар болуы мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) сайтында жарияланған ақпаратқа сүйенсек, аппат ыстықтан зарлап шегетін адамдар саны қарқынды түрде өсуде. ДДСҰ мәліметінше, ыстық толқындары тек карттар мен созылмалы ауруы бар адамдарға ғана емес, жалпы қоғамның денсаулығына және экономикасына үлкен соққы әкеледі: аппат уақытында жаппай ауруханаға түсу көбейіп, еңбек өнімділігі күрт төмендейді. Бұған қоса, орман өрті мен түтін де денсаулыққа зиян қосымша факторға айналады. Ыстық пен құрғақшылықтан тұтанатын өрттер ауа сапасын нашарлатып, тыныс алу мүшелеріне қауіпті жағдай туғызуда. 2023 жылы ауа райының ерекше құрғақ, ыстық болуына байланысты әлемнің бірнеше өңірінде өрт бұрын-соңды болмаған ауқымға жетті. «Global Fire Emissions Database» дерегінше, Канадала 2023 жылғы орман өрті маусымында 18,5 млн гектар жер отқа оранып, бұл 1989 жылғы рекордтық көрсеткіштен екі есе артты. Осы аумақтағы түтін АҚШ пен Еуропаның да бірқатар қалаларына жетіп, миллиондаған тұрғынды ластанған ауамен тыныстауға мәжбүр етті. Климаттың жылынуы өрт қаупін күшейтіп, құрғақшылық пен аппат кезінде өсімдіктердің кеуіп кетуі салдарынан өрттер жиі әрі кең таралатыны ғылымда дәлелденген. «Еуропарламент» деректеріне сүйенсек, климаттық апаттар жер шары халқының өміріне тікелей әсер етуде. Су тасқыны, құрғақшылық пен дауыл секілді табиғи апаттар соңғы 15 жылда 376 миллионнан аса адамды орын ауыстыруға мәжбүрледі.

Бұл сан алдағы жылдары еселеп өсуі мүмкін: болжам бойынша 2050 жылға қарай климаттық себептермен 1,2 миллиардқа дейін адам өз өңірін тастап кетуге мәжбүр болатын климаттық босқынаға айналуы мүмкін. Әлемнің көптеген аймағында ауыл шаруашылығы өнімдерінің түсімі төмендеп, азық-түлік бағасы өсуде. Мысалы, «ыстықтың әсерінен болатын инфляция» ұғымы пайда болды – аппат пен құрғақшылық салдарынан өнім шығыны көбейіп, нарықта азық-түлік қымбаттауда. Сарапшылардың есептеуінше, орта температура әрбір 1°C-қа көтерілген сайын жаһандық ішкі жалпы өнім шамамен 12%-ға төмендеуі мүмкін деген алаңдататын болжам бар. Климаттың дағдарыс енді тек экологиялық мәселе емес, сонымен бірге экономикалық және әлеуметтік тұрақтылыққа қауіп төндіретін факторға айналды.

Мемлекеттік шаралар және халықаралық әріптестік

Қазақстан климаттық қатерлерге бейімделу үшін мемлекеттік деңгейде бірқатар шаралар қабылдауда. 2022 жылы ел үкіметі 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын бекітті. Бұл стратегияда парниктік газ шығарындыларын азайту ғана емес, климаттың өзгеруіне бейімделу бағытындағы шаралар да қарастырылған. Аппат айқанда, су ресурстарының азаюы, ауыл шаруашылығының өнімділігі, халық денсаулығы мен экожүйелерге келетін қауіптерге қарсы тұру үшін бейімделу іс-қимылдары жоспарланған. Қазақстан халықаралық ұйымдармен бірлесіп климаттық тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруде. Мысалы, 2024 жылы БҰҰДБ мен Қазақстан Экология және табиғи ресурстар министрлігі Ұлттық бейімделу жоспарын жасады. Бұл жобаға Жасыл климат қоры қаржылай қолдау көрсетіп, елдің стратегиялық даму құжаттарына климатқа бейімделу шараларын енгізу көзделген.

оны тар қалтада ұстау немесе ұйықтарда жастықтың астына қою құрылғының қызып кетуіне себеп болады.

Қап пен қорғаныс жабынын шешіңіз

Смартфонның қаптамасы оны қорғайтын секілді көрінгенімен, ыстықта оның салқындауына кедергі келтіреді. Әсіресе қалың силикон және пластик «чехол» құрылғының ішіндегі жылуды ұстап қалады. Ыстық күндері телефонды барынша ашық күйде ұстаған жөн. Ұйықтап алдында немесе ұзақ уақыт пайдаланбас бұрын қаптамасын шешіп қойыңыз – бұл оның жылуды тез таратуына көмектеседі. Ыстықта гаджетті үздіксіз қолдану қауіпті. Егер телефон қатты қызып кетсе, оны сөндіріп, жақсы желдетілетін салқын жерде біраз уақытқа қалдырыңыз. Сырттан келген соң, қалтадан шығарып, бірнеше минут тынықтырып қойыңыз – бұл оның ішкі температурасын біртіндеп төмендетеді. Бірақ мұздатқышқа немесе суық суға салуға болмайды – кенет температура ауытқуы ішкі бөліктерге зиян тигізуі мүмкін. Сонымен қатар телефон қуатталып жатқан кезде ауыр қолданбаларды жапқан дұрыс, себебі зарядтау кезінде

қосымша жылу бөлінеді. Ыстықта смартфонды ұзақ уақыт зарядтау батареяның қызмет мерзімін қысқартып, тіпті өрт шығуы мүмкін. Мысалы, Xiaomi компаниясының қолдау бетінде жоғары температура кезінде құрылғының 4,1 В кернеуден жоғары зарядталмайтыны айтылған: 45°C асқанда заряд шектеледі, ал 60°C асқанда телефон автоматты түрде сөнеді. Сондықтан ыстықта құрылғыны толық 100%-ға дейін зарядтау міндетті емес, 60-80% деңгейде ұстап отырыңыз. Әсіресе дала аптабынан келген соң телефонды бірден қуаттауға асықпаңыз: алдымен ішкі температураның қалыпқа түсуін күтіңіз. Егер қуаттау қажет болса, қосымша қолданбаларды өшіріп, телефон тыныш режимде тұрғанда ғана қуаттанңыз. Смартфонға ыстық күндері оның «демалуына» мүмкіндік беріңіз. Есіңізде болсын, адам да, техника да ұқсас: екеуі де көп жүктеме мен жоғары температурада шаршайды. Сондықтан ыстық күндері телефонды барынша сирек қолданып, өшіріп отырыңыз. Қызып кеткен құрылғыға демалыс беру – оны бұлдіру емес, керісінше, оның қызметін ұзарту жолы. Бұл қарапайым кеңестер сіздің гаджетіңізді қорғап қана қоймай, оның ұзақ қызмет етуіне септігін тигізеді.

Бетті дайындаған София ХАЙРУЛЛА

Гаджетті ыстықтан қалай қорғау керек?

Жаздың аптабы – смартфон үшін де сынақ. 2025 жылы синоптиктер Қазақстанның оңтүстігінде 42°C, ал жаздың шілдесінде тіпті 45°C аппат болатынын ескертті. Мұндай рекордтық ыстық тек адам денсаулығына ғана емес, техникаға да қауіп төндіреді: экран сөнп, батарея жарылып, құрылғы істен шығуы мүмкін. Мысалы, Apple ресми дерегі бойынша iPhone мен iPad сияқты құрылғылардың қалыпты жұмыс температурасы 0-35°C аралығында, ал одан асқанда батарея қызметі қысқарып, құрылғығазақым келу ықтималдығы артады. «The Guardian» ақпаратына сүйенсек, 2016 жылы Samsung Note7 смартфонның қызып кетуі салдарынан АҚШ-та 92 оқиға тіркеліп, оның 26-сы адамға күйікке шалдырса, 55-і заттық зиянмен аяқталған. Сондықтан ыстықта телефонға да камқорлық қажет.

Гаджетті күн көзінен алыстатыңыз

Телефон – кішкентай «ақылды компьютер», сондықтан ол күн астында тез қызып кетеді. Құрылғыны тікелей күн сәулесінен қорғау өте маңызды. Мысалы, ыстық күндері қалтаңызға немесе сөмкенізге салып қойыңыз, бірақ ауа кірмейтін қапшыққа немесе қысып тұратын қапқа салмаңыз. Қатты ыстықта автокөлікте қалдырған смартфон зақымдануы мүмкін. Батареясы жарылып, процессоры істен шығуы ықтимал. Сондықтан гаджетті көлеңкелі жерде ұстап, пластик жақтауларды пайдаланудан бас тартыңыз. Ыстықта құрылғы процессорына түсетін жүктеме артады. Сондықтан мұндай кезде телефонды барынша аз пайдаланыңыз. Әсіресе «ауыр» ойындар ойнаудан, бейнеперлі үздіксіз қараудан және графикасы күрделі қолданбаларды пайдаланудан бас тартыңыз. Сонымен қатар интернет байланысын үнемдеу үшін қажет болмаған жағдайда Wi-Fi мен Bluetooth қызметтерін өшіріп, қуат үнемдеу режиміне ауыстырыңыз. Мұндай қарапайым әрекеттер телефонның температурасын төмендетуге көмектеседі. Телефонды үнемі қыздырылған ортада ұстау оның салқындауына кедергі келтіреді. Мысалы,

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігіБас директор
Марат АРАЛБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтанның көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ 180 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4391 Тапсырыс №993

Нөмірдің кезекші редакторы Айтолқын АЙТЖАНОВА